

Г.Қ.Белгібаева, С.А.Смағұлова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: gilchi09@mail.ru)*

Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі үрей мәселесі

Авторлар мұғалімнің кәсіби іс-әрекетін, педагогикалық іс-әрекет мазмұнын жан-жақты сипаттай келіп, педагогикалық процесте туындайтын келелі мәселелерге тоқталады. Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінде туындайтын қиындықтарды зерттеген ғалымдардың еңбегін дәйек ете отырып, үрей мәселесін жан-жақты сараптайды. Мақалада мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінде туындайтын үрей мәселесі және оның тууына әсер ететін шарттар мен факторлар қарастырылды. «Үрей», «қорқыныш», «қобалжу», «мазасыздық» ұғымдарына жан-жақты анықтама беріліп, үрей түрлерін бөліп көрсетті. Мұғалім іс-әрекетінде туындайтын үрей түрлерімен күресу әдістері мен үрей деңгейін анықтауға арналған диагностикалық әдістер аталды.

Кілт сөздер: мектеп, мұғалім, оқушылар, педагогикалық іс-әрекет, күйзеліс, үрей түрлері, қобалжу, мазасыздану, сенімсіздік.

Күйзеліс (стресс), шамадан тыс көп міндеттің жүктелуі, үрей ұғымдары қазіргі қоғамымызға тән ерекшеліктердің бірі болуда. Бұған осы қоғамда өмір сүретін адамдардың іс-әрекетіндегі шапшаңдық, ақпараттар легінің көптігі, мәселе түйінін шешерде жылдам шешім қабылдау қажеттігі және басқа да факторлар әсер етіп отыр. Қоғамда орын алған келеңсіз жағдайлар білім беру саласына, яғни мектепке де, соқпай кетпейтіні анық.

Мұғалім қай кезде де өзінің қайталанбас жеке тұлғалық ерекшелігімен бағаланған. Мұғалімдерге басқа маман өкілдері өте құрметпен қарайды, себебі кез келген маман ұстаз алдынан өтеді, білім алады. Үлгі тұтар ұстаздар қауымының үйдегі де, түздегі де тірлігі ел назарында. Өзгенің және өзінің іс-әрекетіне үнемі есеп беріп жүру, болашақ ұрпақ білімі мен тәрбиесіне деген жауапкершілікті арқалау, әлбетте, оңай іс емес. Педагог кәсібі – жан қалауы болғанда ғана нәтижелі болмақ. Материалдық құндылық көксеген адам дәрігер немесе педагог мамандығын таңдамайды, себебі бұл салаларда аса көп пайда табу мүмкін емес. Бұл сала қызметкерлері «адам» құндылығына басты назар аударып, ауруларды сырқатынан айықтырудан немесе білім нәрімен сусындандырып, саналы, тәрбиелі ұрпақ тәрбиелегеннен рухани байлық алады. Өз кәсіби іс-әрекетін саналы түрде, аса жауапкершілікпен, сүйіспеншілікпен атқарғанда ғана «нағыз мұғалім» болуға болады.

Мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті — түрлі оқыту құралдары арқылы педагогикалық процесс міндеттерін шешеуге бағытталған кәсіби белсенділік. Педагогикалық іс-әрекеттің білім беруші, тәрбиелеуші, ұйымдастырушылық, насихат жүргізу, басқарушылық, диагностикалық және т.б. түрлері бар.

Педагогикалық іс-әрекеттің сипаттамасы қандай?

Педагогикалық іс-әрекет адамзат іс-әрекетінің кез келген түріне тән сипаттамаларға ие. Бұл, ең алдымен, мақсаттылық, түрткілік, пәнділік.

Педагогикалық іс-әрекетті қарастырғанда біз оның жоғарғы продуктивті сипаты жөнінде айтамыз. Педагогикалық іс-әрекет, іс-әрекеттің басқа түрлері сияқты, психологиялық (пәндік) мазмұнмен анықталады, оған мотивация, мақсат, пән, құралдар, тәсілдер, өнім мен нәтиже жатады. Өзінің құрылымдық ұйымдасуында педагогикалық іс-әрекет әрекеттердің (іскерліктер) жиынтығымен сипатталады, олар ары қарай қарастырылады. Педагогикалық іс-әрекет пәні ретінде дамудың шарты мен негізі ретіндегі оқытушылардың пәндік әлеуметтік мәдени тәжірибені игерулеріне бағытталған оқу іс-әрекетінің ұйымдастырылуы болып табылады. Педагогикалық іс-әрекет құралдары ғылыми білімдер болып (теоретикалық және эмпирикалық), солардың көмегімен және солардың негізінде оқытылушылардың тезаурусы қалыптасады. Білімдерді «тасушы» ретінде оқулық мәтіндері немесе пәндік айғақтың фактілерін, заңдылықтарын, қасиеттерін мұғалімнің ұйымдастырған бақылауы жағдайында (зертханалық, практикалық сабақтарда, даладағы практика кезінде) оқушының жаңадан жасаған елестетулері жатады. Техникалық, компьютерлік, графикалық және т.б. құралдар қосымша құралдарға жатады.

Педагогикалық іс-әрекетте әлеуметтік мәдени тәжірибені беру тәсілдері ретінде түсіндіру, көрсету (иллюстрация) оқу міндетін шешу бойынша оқушымен бірігіп атқарылатын жұмыс,

оқушының тәжірибесі (зерханалық, далалық), тренингтер болып келеді. Педагогикалық іс-әрекеттің нәтижесі, оқушының бүкіл аксиологиялық, құлықтылық-этикалық, эмоционалдық-мағыналық, заттық, бағалаушы құрастырушыларының жиынтығымен алғандағы оның қалыптасатын жеке дара тәжірибесі болып табылады. Педагогикалық іс-әрекеттің нәтижесі емтихандарда, сынақтарда тапсырмаларды, оқу-бақылау жұмыстарын орындау критерийлері бойынша бағаланады. Педагогикалық іс-әрекеттің нәтижесі оның негізгі мақсатының орындалуы ретінде оқушының тұлғалық, интеллектуалдық дамуы, оның тұлға ретінде, іс-әрекет субъекті ретінде жетілуі, қалыптасуы болып табылады. Нәтиже, оқушының оқудың басындағы сапасы мен адамның жан-жақты дамуы тұрғысынан оның аяқты кезіндегі сапаларын салыстыру арқылы диагностикаланады [1].

Көтеріліп отырған мәселе зерттелмеді деп айтуға болмайды. Мұғалімнің кәсіптік-шығармашылық дамуы жөнінде В.А.Афанасьева, Н.Д.Хмель, Ш.Т.Таубаева, А.А.Бейсенбаева, М.Ә.Құдайқұлов, А.К.Ахметов, Б.А. Тұрғынбаева және тағы басқа ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Педагогтардың кәсіби іскерлігін қалыптастыру мәселелерін П.П.Блонский, Н.К.Крупская, А.В.Луначарский, А.С.Макаренко және тағы басқалар жете зерттеген. Олар кеңес мұғалімін даярлаудың мәнін, мазмұны мен жүйесін негіздеген. Бүгінгі педагогтар Н.В.Кузьмина, В.А.Сластенин, С.Т.Каргин, Л.А.Шкутина, С.К.Әбілдина, Н.В.Мирза, Қ.А.Сарбасова, тағы басқалар мұғалімді кәсіби даярлау үдерісінің психологиялық-педагогикалық негіздеріне, педагогикалық мамандықтың мәніне, өзіндік ерекшеліктері мен функцияларына тоқталады. Мұғалім іс-әрекетінде кездесетін қиындықтар (С.Г.Вершловский, В.А.Метаева, Л.М.Митина, Т.С.Полякова), мұғалімнің эмоционалдық мәдениеті (М.И.Кряхтунов) мәселелері зерттелді [2].

«Үрей» мәселесі дәстүрлі түрде белгілі бір жағдаяттың немесе құбылыстың әсерінен туындаған эмоция ретінде қарастырылып келді және осы аспект С.Л. Рубинштейн (1946), П. Фресс, Ж. Пиаже (1975), В.К. Вилюнас (1976), П.В. Симонов (1981), Л.М. Аболин (1987), Л.А. Гозман (1987), Б.И. Додонов (1987), Г.М. Бреслав (2004) және тағы басқа ғалымдар еңбегінде кездеседі. Үрейлену мәселесін түрлі ғылым өкілдері: биологтар, медиктер, педагогтар, философтар, психологтар, фиолог-лингвистер зерттеді. Көп еңбектерде үрей табиғатын эмоция, яғни әр адамның дербес ерекшелігі ретінде түсіндіреді (Л.В. Домодедов, 1986; А.Е. Олынанникова, 1997; Е.С. Розенберг, 2004 және т.б.).

Мұғалім еңбегі көп салалы қызметтен, түрлі кәсіби іс-әрекеттен тұрады. Осы уәжді көптеген зерттеушілер ескере бермей: «Мұғалім қызметінде қиындығының туу себебі — еңбек ақының төмен мөлшерде болуы», — деп көрсетеді. Э.Днепров: «Мектепті «өмір сүру минимумымен» қамтамасыз еткенде ғана сапалы білім күтуге болады», — дейді [3].

Мұғалім еңбек ақысының басқа кәсіп өкілдері табысынан аз болуы, әрине, жағымсыз құбылыстар орын алуына соқтырады. Мәселен, дарынды педагогтардың кәсібін ауыстыруы, мұғалімнің кәсіби дамуы деңгейінің төмендеуі, қоғамда педагог беделінің төмендеуі т.б. Бірақ, осы жағдайларға қарамастан, көптеген мұғалім жағымды өзгерістер болатынына дәмеленіп, мектептегі кәсіби қызметін жалғастыруда. Бұлай үміттенуге желеу де бар.

2014 жылғы 17 қаңтарда республика халқына арналған «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев: «Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз — белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. Бұл үшін біз не істеуіміз керек? Біріншіден, барлық дамыған елдердің сапалы бірегей білім беру жүйесі бар. Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр...», деп көрсетті [4].

Елбасының көтерген мәселесі аз уақыттың ішінде шешімін тауып кетпесі анық. Сондықтан әзірге мұғалімдердің әлеуметтік-психологиялық мәселелері түбегейлі шешілді дей алмаймыз.

«Еңбек ақының аздығы», «жұмыс ауқымының көптігі», «рухани және дене еңбегін көп қажет ететіндігі» сөз болмаған күнде де, мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті қоғамда күрделі қызмет түрлерінің бірі болып саналады. Педагог кәсібі мұғалімге қоғамдық және моральдік жауапкершілік жүктейтінімен ерекшеленеді. Шын мәнінде, елдің ертеңі — ұстаздар қолында. Әр оқушының өмірден өз орнын тауып, мемлекетіміздің азаматы, жетілген жеке тұлға болуы, әлбетте, педагогтардың кәсіби іс-әрекетінің сапасына тәуелді. Ал, бұл мұғалім мойнына спецификалық жүктемеден бөлек, қосымша жауапкершілік артып отыр. Бұл өз кезегінде күйзеліске (стресске) әкелуі мүмкін. Кәсіби іс-әрекеті онды жолға қойылмаса, бұл педагогтың жеке тұлғалық сапалары төмендеуінен көрініс береді. Жүйке жүйесі сыр береді, үрей пайда болады.

Үрейді басқа психологиялық үдерістермен шатастырып алмау үшін мақала тақырыбына қатысты негізгі ұғымдардың анықтамаларына тоқталып өтейік.

Үрей (гр. *panihon* — қорқыныш сезімін туғызатын) — жалған немесе ақиқат қауіптерден жаппай үрейлену. Үрей моральдік-психикалық көңіл-күйдің, рух күшінің төмендеуі, қабылдаудың бәсеңдеуі, еліктеу, ретсіз қозғалыс, илану механизмдері белсенді әрекеттерінің күшеюі. Үрейленушілік — арнайы әлеуметтік жағдайларда адамның мазасыздануы мен үрейленуі, қатты әсерленгіштігі нәтижесінде болатын толғаныстар.

Қорқыныш — индивидтің биологиялық не әлеуметтік тіршілігіне қатерлі жағдаяттарда туындайтын қауіп, қолайсыз эмоция. Қорқыныш — бір нәрседен жүрексініп сескенгенде, шошығанда пайда болатын сезім, қауіп-қатер, үрей. Тіршілік үшін қауіпті факторлардың нақты әрекетінен болатын ауру не басқа да зардап түрлерінен ерекше қорқыныш олардан күн ілгері болады. Қатердің сипатына байланысты қорқыныш сезімінің сипаты әр түрлі болады (қауіптену, қорқу, шошу, үрей). Егер қауіп негізі белгісіз, не түсініксіз болса, ондай күй алаңдау деп аталады. Функциялық тұрғыдан, қорқыныш — субъектіге алдағы қауіп туралы ескерту. Қобалжу — қорқыныш үстінде пайда болған сезімдердің жиынтығы [5].

Р.С.Немов берген анықтамаға орай, «мазасыздық — ерекше жағдайда адамның үрей мен қорқыныш сезімдерін бойынан өткізуі, тұрақты және ахуалды жағдайларда жоғары мазасыздану күйінде болуы» [6].

Үрей негізінде не жатыр? Қайдан, қалай пайда болады? Үрей сезімінің туындауына «белгісіздік» әсер етеді, мәселен, кейде біз белгілі бір үдерістің немесе іс-әрекеттің соңы неге апаратынын білмейміз, ең болмаса болжай да алмаймыз. Осы белгісіздік бойымызда қорқыныш сезімін ұялатады. Белгісіздік түбі бар құндылығымызды жоғалтуға, қауіп-қатерге әкелуі әбден мүмкін ғой. Белгісіздік көп болған сайын үрей күшейеді. Сондықтан жағымсыз сезім екеніне қарамастан, үрей қалыпты құбылыс, адамның өзін-өзі сақтауға алып келетін психологиялық күй болып табылады.

Үрей де тән ауруы сияқты мақсатқа ие: ол — адам өмірін сақтап қалу. Үрей мен тән ауруы көп жағдайда бірге туындайды. Ауру белгілері ағза жағдайы жөнінде ақпарат береді. Ауру ағза қызметі дұрыс атқарылмауы жайлы белгі береді және көп жағдайда адамды аман алып қалады. Үрей де, дәл ауру белгісі сияқты, адамды аман сақтау қызметін атқарады. Үрей адамға төнген қауіп-қатер жөнінде белгі береді және бізге әрекет жасауды ескертеді. Сақ болуды талап етеді, болуы мүмкін жағдаятты алдын ала талдап, сол үдерісте тиімді, дұрыс шешім қабылдауға әсер етеді. Ауру белгілері мен үрей қауіп-қатер жөнінде адамға берілген ескерту деп айтуға болады.

Адамнан адамның үрейленетін кезі бола ма? Көп жағдайда мұндай үрей бейтаныс адамға сұрақ қояр алдында туындайды. Мәселен, бейтаныс адамның сұрақ қоюшы мен сұраққа деген алғашқы реакциясы қандай болатынын болжау мүмкін емес.

Шешім қабылдау алдында үрей туындай ма? Әдетте, адам өз шешіміне сенімсіз болған жағдайда үрей туындайды.

Үрей туралы қорқынышты әрі қызықты мысал келтіруге болады. Өмірін қиюға бет алған адам өзін өліммен бетпе-бет келе алатын «батыр» сезінеді. Алайда психолог маманмен пікірлесу үстінде өмір сүруден қорыққанынан, өлімге бет алғанын мойындайды. Яғни, «өлу» мен «өмір сүру» үрейі таласқа түседі. Үрейді жеңсе, тіршілік жалғасады.

Неміс философы Пауль Тилих: «Үрей — белгісіз нәрседен қорқыныш. Үрейдің аты, бейнесі жоқ, бірақ адамның өзін, «менін» жоғалтуға әкеледі», — дейді.

Үрей күшті эмоциялық уайыммен байланысты болғандықтан, күйзелісті (стресті) эмоцияға жатады. Бұл мұғалім денсаулығына нұсқан келтіруі мүмкін. Кез келген мұғалім кәсіби үрей мәселесі тууы мүмкін екенін білуі және сол жағдайды басынан кешіргенде, яғни күйзелістік (стрестік) жағдаяттан шығу үшін өзінің психологиялық күйін ретке келтіре алуға дайын болуы қажет.

Үрейленуді 5 түрге бөліп көрсетуге болады:

- ырықты түрде үрейлену;
- белгілі бір объекті немесе субъектімен тығыз байланысты үрей;
- кеңістіктен үрейлену;
- тірі денелерден үрейлену;
- әлеуметтік үрей.

Ырықты үрейлену кез келген заттан, тіршілік иесінен, сондай-ақ нақты жағдаят пен процестерден үрейлену болып табылады. Екінші, белгілі бір объекті немесе субъектімен тығыз байланысты үрей — бұл нақты бір оқиғадан кейін пайда болған үрейлену түрі. Мәселен, ит қауып

алса, адам оны өмірінің соңына дейін ұмытпады. Итті көргенде бойын үрей билеп, қорғаныс реакциясы пайда болады. Кеңістіктен үрейленуге лифтіден, ұшақтан, көліктен, қараңғыдан және т.б. үрейленуді жатқызуға болады. Тірі денелерден үрейленуге тышқан, өрмекшілерден, жыланнан және т.б. үрейлену мысал бола алады. Әлеуметтік үрей түріне танысу, амандасу, қарым-қатынас орнату кезінде туындайтын үрейді жатқызамыз.

Адамның балалық шағында немесе жеткіншектік кезеңінде қалыптасқан үрей көп жылдарға дейін адам бойында сақталады. Мұндай жағдай орын алса, міндетті түрде арнайы мамандардың көмегіне жүгінген дұрыс. Бойындағы стеротиптен құтылмайынша, адам үрейді жеңбек емес. Мәселен, бала бастауыш сыныпта қатал мұғалімнен қорықып қалса, мұғалім немесе мектеп ауыстырса да бойындағы үрей бірден кетпейді. Баланы әр түрлі мінез-құлықты мұғалім болатынын айтып сендіру және көзін жеткізу қажет. Сонда бала үрейді жеңіп, есінде қалған негативті жағдайды ұмытады.

Адам бойын үрей билесе, қорқыныш тудыратын құбылыс бар деген сөз. Үрей барлық жас кезеңіне тән. Ал, бойды билеген үрейді қалай, қанша уақытта жоятыны адамның өзіне, біліміне, көзқарасына, тәрбиесіне байланысты болмақ.

«Кәсіби деформация» деген психологиялық термин бар. Кәсіби іс-әрекеттегі ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен тұлға дамуының кері бағытқа өзгеруі. Көп жағдайда осы үдеріске мұғалімдер ұшырайды. Мысалы, мұғалімнің, өз шамалауы бойынша, беделі өскен сияқты, сондықтан өзгенің пікір, ұсынысына құлақ қоймайды, өзін бағалауы жоғарылайды, сынды көтермейді және т.б. Осыдан келіп педагогикалық ұжымда дұрыс кәсіби қарым-қатынасқа түсе алмайды, сөз таластырулар, кейде қақтығыстар да ұшырасады. Бірнеше мәрте кедергіге тап болған педагогта қорғаныс әрекеті пайда болады. Бұл үрейдің туындауына жағдай жасайды.

Педагогтардың кәсіби іс-әрекетінде туындайтын үрейлену түрлерін үшке бөліп көрсетуге болады:

- басшылардан үрейлену;
- педагогикалық ұжымнан үрейлену;
- бәсекелестіктен үрейлену.

Үрейленуге әр түрлі факторлардың әсері болады. Мәселен, қызметтен шығып қалсам, материалдық жағдайымды төмендетіп аламын немесе ұжыммен қарым-қатынасқа түсуде компромистік стилді ұстанбасам, рухани қажеттілігім өтелмей қалады деген ойлар жоғарыда көрсеткен үрейлену түрлеріне алып келеді.

Әр мұғалімнің жас және дербес ерекшеліктеріне орай үрейдің туу себебі де әр түрлі болады. Шағын ғана мақала аясында мәселені ғылыми тұрғыда талдап, негіздеп, түбегейлі шешім ұсыну мүмкін емес. Десек те, кәсіби іс-әрекет барысында туындайтын үрейге әсер ететін шарттардың бірнешеуін атап өтейік:

1. Мұғалімнің үрейленуіне негіз болатын шарттардың бірі — жеке өмірінен бас тарту. Педагогтардың кәсіби іс-әрекеті жауапкершілікке толы екенін жоғарыда айтып өттік. Сондай-ақ уақытты да көп мөлшерде қажет ететіні құпия емес. Бар қызметтік әрекетін білім беруші ұжымда аяқтап кету мүмкіндігі кейде бола бермейді. Сондықтан тынығуға арналған уақытта жұмыс істеуге тура келетін сәттер жиі кездеседі. Мұғалім өз кәсіби іс-әрекетін уақытында, жүйелі, педагогикалық жүктемені қалыптан асырмай орындайтын болса, қиындық тумайды, сәйкесінше үрейленуге негіз жоқ.

2. Кей мұғалімдер компьютерде жұмыс жасауға үрейленеді. Олардың компьютерде жұмыс жасауға деген құлқы да, үйренуге ниеті де жоқ. Әлденені білмей қалсаңыз, әріптестеріңіз бен оқушылардан сұрауға болады. Осылай етсем «беделім түсер» деген үрейден арылу қажет.

3. «Шарасыздық» — оқушылар қойған сұраққа жауап бере алмай қалсам? деген сұрақ төңірегінде туындайтын үрей. Тәжірибелі кәсіби педагогтың өзі жағымсыз жағдаятқа түсіп қалуы мүмкін. Қазір ақпараттар ағыны дәуірі. Оқушы көкейінде жүрген немесе ғаламтордан оқыған сұрағын қоя салуы мүмкін. Қызық жағдаят? Бір жағынан, мұғалім бәрін білуі қажет, екінші жағынан, бәрін білу мүмкін емес қой. Сондықтан, мұғалім мұны мәселе деп күрделендіріп, үрейленбей, жағдаяттан тез шығуды ойлағаны дұрыс. Мәселен, «Балалар, біз Арафаттың қойған сұрағына келесі сабақта жауап береміз», — деп, немесе оқушыларға: «Бәріміз бірігіп осы сұраққа жауап іздеп көрейік, келесі сабақта Арафатқа жауап береміз» деп жағдаяттан шығуға болады.

4. «Сүйкімсіздік» — оқушылар алдында қателесіп кетсем? деген қорқыныш төңірегінде туындайтын үрей. Бұл жағдаятты да, дәл алдында айтып өткеніміздей, мәселе ретінде қарастырып,

ұтымды жауап беруді ойлау қажет. Бұл жағдаяттағы ең дұрыс шешім — мойындау. «Иә, мен қателесіп тұр екенмін, балалар, сендердің айтқандарың дұрыс, жарайсыңдар» деген тәрізді жауап айтуға болады. Жымыңыз, дұрыс жауапты қайталап айтып, нақтылаңыз. Есіңізде болсын, қателесу құзыретті емессіз деген сөз емес, жана білімнің бастауы, кәсіби іскерлік пен дағдының қалыптасуы.

5. «Көңіл толмаушылық» — оқушыларға ұнамай қалсам ше? деген сұрақ төңірегінде туындайтын үрей. Сізді ұнатпайтын оқушы міндетті түрде табылатынын біліңіз. Ал, екінші бір оқушыға қатты ұнап қаласыз.

Оқушылар мұғалім тек «нашар» болғаны үшін бас тартпайды. Оқушы өз қызығушылығына сай келетін мұғаліммен жұмыс жасағанды ұнатады. Мұғалім оқушыға ұнау, ұнамауы қойылатын кәсіби талап емес, бұл психологиялық сәйкестік немесе сәйкессіздік.

6. «Уақытша» — мен бұл қызметке лайық емес шығармын? деген сұрақ төңірегінде туындайтын үрей. Педагог қызметі ауыр, алғысы жоқ, жүктемесі көп дерсіз. Енді осы қызметте тәуелсізбін, өз мүмкіндіктерім мен идеяларымды жүзеге асыра аламын, — деп ойлап көріңізші. Осындай қарама-қайшы сұрақтар арасында ұзақ жүре беруіңіз мүмкін. Үнемі өзіңізге дұрыс сұрақ қойып және жауабын таба білсеңіз, бұл мәселе де сізге үрей туғыза алмайды.

Мақаламыздың қорытындысында үрейді қалай жеңуге көмектесетін бірнеше әдістерге тоқталып өтейік:

- үрей туғызған себепті анықтау;
- үрейленетін адамнан немесе жағдаяттан келетін қауіп деңгейін анықтау;
- өз артықшылықтары мен жетістіктерін саралау;
- жеңіске қол жеткізетін жолдар мен амалдарды қарастыру.

Үрей деңгейін төмендегі психодиагностикалық әдістер көмегі арқылы анықтауға болады:

- қақтығыс жағдайында мінез-құлықтың көрінуін анықтауға мүмкіндік беретін К.Томас сұрақнамасы;
- агрессия деңгейін анықтайтын А. Басс-А. Дарки сұрақнамасы;
- ерік-жігерді зерттеуге арналған В.П. Прядеиннің сұрақнамасы;
- тұлғаның өзін-өзі түзетуі В.П. Прядеин диагностикасы;
- «К. Леонард бойынша мінез-құлық пен темперамент түрлері диагностикасы» негізінде жасалған Х. Смишек сұрақнамасы;
- В.Л. Бакштанский, О.И. Ждановтардың психоэнергия диагностикасы;
- Шуберттің тәуекелге баруға дайындық диагностикасы;
- Дж. Гринбергтің стресті зерттеу шкаласы;
- В.П. Прядеиннің «Жауапкершілік» диагностикасы;
- И.М. Юсуповтың «Эмпатия» диагностикасы;
- В.В. Столин, С.Р. Пантелеевтардың тұлғаның өз-өзіне деген қарым-қатынасы диагностикасы және т.б.

Мұғалім, егер шын мәнінде мән беріп қараса және кәсіби іс-әрекетінде жетістікке жетуді көздесе, бойын билеген үрей мен стереотиптерді жеңуге әбден болады. Мұндағы басты құрал — өзіне сену мен шынайы ниеттің болуы.

Қазіргі кезде мемлекетімізде білім беру саласы қарқынды даму үстінде екенін ұмытпайық. Мұғалімдерге үрей туғызатын факторлар азайып, олар өзін-өзі тұрақты психологиялық хал-ахуалмен қамтамасыз ете алуы қажет.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Зимняя И.А.* Педагогикалық психология: Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. — Екінші, толықт., түзет. және қайта өңд. бас. Орыс тіл аудар. М.А. Құсайынова. — М.: Логос; Алматы: TST-company, 2005. — 368 б.
- 2 Назарбаев Н. Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://www.inform.kz/kaz/article/2622266>.
- 3 *Белгібаева Г.Қ., Смағұлова С.А.* Мұғалімнің өзін-өзі кәсіби тұрғыдан дамытуының педагогикалық шарттары: Монография. — Қарағанды: Гласир, 2013. — 200 б.
- 4 *Днепров Э.Д.* Образование и политика. Новейшая политическая история российского образования. — Т. 1. — М.: Мариос, 2006. — 456 с.
- 5 Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. — 384 б.
- 6 *Немов Р.С.* Общие основы психологии. — М.: Владос, 2003. — 688 с.

Г.К.Бельгибаева, С.А.Смагулова

Проблемы страха учителя в профессиональной деятельности

Авторы описывают профессиональную деятельность учителя, раскрывают ее содержание, отмечают проблемные вопросы обучения, возникающие в педагогическом процессе. Дан всесторонний анализ трудностей, связанных с профессиональной деятельностью преподавателя. В статье рассматриваются проблема страха учителя, условия и факторы её преодоления. Авторами проанализированы определения «боязнь», «страх», «переживание», «тревожность», рассмотрены виды боязни и страха. Предлагаются методы преодоления проблемы страха учителя в профессиональной деятельности.

G.K.Belgybayeva, S.A.Smagulova

The issues fear of the teacher in the professional activity

The article considers the problem of fear of the teachers in the professional activities, conditions and factors of its overcoming. The authors analyzed the definition of «fear», «fright», «experience», «anxiety», is considered a species of dread and fear. Methods of struggle and the mission to the problem of fear of teachers in their professional activities.

References

- 1 Zhimnya I.A. *Pedagogical psychology*: Textbook for higher educational zavedenii. The translation into Russian of M.A.Kusainova, Moscow: Logos; Almaty: TST-company, 2005, 368 p.
- 2 Nazarbayev N. *The President of Kazakhstan N. Nazarbayev voiced Message Kazakhstan's way – 2050: common goal, common interests, common future*, [ER]. Access mode: <http://www.inform.kz/kaz/article/2622266>.
- 3 Belgibaeva G.K., Smagulova S.A. *Pedagogical conditions of professional self-development of teachers. The monograph*, Karaganda: Glasir, 2013, 200 p.
- 4 Dneprov E.D. *Education and politics. The newest political history of Russian education*, 1, Moscow: Marios, 2006, 456 p.
- 5 *Explanatory dictionary of psychology*, Almaty: Sozdek-Slovar', 2006, 384 p.
- 6 Nemov R.S. *General principles of psychology*, Moscow: Vlados, 2003, 688 p.